- Аспап тұрғын үй-жайдың осы нұсқаулыққа сәйкес температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық пайдалану үшін арналған:
  - үнемі тұратын орындарда;
  - дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелер қызметкерлері тамақтанатын пункттерінде;
  - қонақ үйлерде және тұрақты мекендеуге арналған өзге жерлерде;
  - жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда.
- Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған.
- Аспап үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

## 3. АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Электрлік кептіргіш көкөністер мен жемістерді, саңырауқұлақтар мен шөптерді, етті, балықты, тауық еті кептіруге, сондай-ақ жеміс чипстерін, энергетикалық батончиктер мен тосап дайындауға арналған. Табаннан берілетін жылы ауа алмалы себеттер арасында айналады, осының арқасында азық-түлік, қоректік қасиеттерінен айырылмай, мұқият кептіріледі.



## 4. ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

- Аспаптың қаптамасын шешіңіз және оның барлық бөліктері бар екендігіне және бүлінбегеніне көз жеткізіңіз (3-тарауды «Аспап сипаттамасы» қар.).
- Корпуста барлық жапсырмаларды кетіріңіз және ылғал матамен сүртіп алыңыз.
- Аспаптың азық-түлікпен жанасатын барлық бөліктерін 6-тараудың нұсқауларына сәйкес мұқият жуып-шайыңыз және кептіріңіз. «Тазалау және күтім».



**Кеңес!** Алғашқы пайдаланар алдында аспапты кептірудің максималды температурасына, азық-түліксіз, 1 сағатқа немесе одан астам уақытқа жақсы желдетілетін үй-жайда іске қосу ұсынылады.



**Ескертпе ретінде!** Аспапты алғашқы рет іске қосқанда түтіннің азғантай мөлшерінің және ерекше иістің пайда болуы қалыпты құбылыс болып табылады және оның ақаулы екендігін көрсетпейді.

- Дегитратор қатты тегіс бетте тұрғанына көз жеткізіңіз. Кептіруге арналған түпқоймаларды жинаңыз және айырды желілік розеткаға қосыңыз.
- Аспапты желіге қосыңыз, кептірудің максимал температурасын және 1 сағаттан астам уақытты орнатыңыз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін аспапты сөндіріңіз және сууға мүмкіндік беріңіз.
- Түпқоймаларды сумен жуып-шайыңыз және кептіріңіз.

1



Корпуста барлық жапсырмаларды шешіп алыңыз және ылғал матамен сүртіп алыңыз

2



Қақпақты және алмалы себеттерді жуыңыз


3



Мұқият құрғатыңыз


4

Іске қосыңыз



Қуат көзін қосыңыз. «ON/OFF» батырманы басыңыз

5



1-ші рет аспапты жақсы желдетілетін үй-жайда, азық-түліксіз 30 минутқа қосыңыз


МАХ температура



Аспапта «ON/OFF» батырмасын басқаннан кейін экранда автоматты түрде 70°C және 12 сағат пайда болады.

6

Уақыт 30 мин.



Уақытын 30 мин орнатыңыз.  
1) <TIMER>-ді басыңыз  
2) «+» / «-» басыңыз.

7



Аяқталғаннан кейін - желіден ажыратыңыз, аспап толығымен суығанын күтіңіз


## 5. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

- Аспапты қатты құрғақ тегіс бетке орнатыңыз.
- Алдын ала дайындалған азық-түлікті алмалы түпқоймаларға салыңыз.
- Алынбалы түпқоймаларды орнатыңыз. Астаулардың бүкіл жиынтығын, оларда азық-түлік бар немесе жоқ екендігіне қарамастан, бірінің үстіне бірін қою ұсынылады.
- Аспапты желіге қосар алдында оның параметрлері (13-тарау. «Техникалық сипаттамалар» қар.) электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Қуат көзін қосыңыз.

1-сурет - Басқару панелі



- Аспапта «ON/OFF» батырмасын басқаннан кейін экранда автоматты түрде 70°C және 12 сағат пайда болады және аспап осы зауыттық қондырғылармен жұмыс істей бастайды.
- "Температураны" реттеу үшін + және - батырмаларымен таңбалар жыпылықтап тұрған кезде қажетті температура диапазонын 40 °C-ден 70 °C-ге дейін орнату үшін <TEMP> батырмасын басыңыз
- "Уақытты" күйге келтіру үшін, + және - батырмаларымен таңбалар жыпылықтап тұрғанда 1 сағаттан 48 сағатқа дейін қажетті уақыт диапазонын орнату үшін <TIMER> батырмасына басыңыз.
- Аспапты өшірген кезде қыздырғыш элементті салқындату үшін қыздыруды өшіргеннен кейін 8-10 секунд ішінде желдеткіш жұмысын жалғастырады.
- Аспап белгіленген уақыт өткеннен кейін автоматты түрде тоқтайды немесе сіз оны <ON/OFF> батырмасының көмегімен кез келген уақытта тоқтата аласыз. Желдеткіш тоқтағаннан кейін вилканы розеткадан суырыңыз.



5

Алынбалы себеттерді табанға орнатыңыз.

6

Ауа алынбалы себеттер айналасында еркін айналуы керек

Желдеткіші бар табанға су немесе шырыны сорғалап тұрған азық-түлік салынған алмалы себітті қоймаңыз

Желдеткіші бар табан: су немесе шырын түспеуін қадағалаңыз

7

Қуат көзін қосыңыз

8

Іске қосыңыз

«ON/OFF» батырманы басыңыз

Экранда

Экранда автоматты түрде 70°C және 12 сағат пайда болады.

9

ТЕМПЕРАТУРАНЫ орнатыңыз

TEMP

"Температураны" реттеу үшін <TEMP> батырмасына басыңыз

10

Температураны реттеу үшін "+" және "-" батырмаларын басыңыз.

11

Орнатыңыз УАҚЫТ

TIMER

"Уақытты" реттеу үшін <TIMER> батырмасына басыңыз.

12

Уақытты реттеу үшін "+" және "-" батырмаларын басыңыз.

13

Мәжбүрлеп тоқтату

<ON/OFF> батырмалары көмегімен кез келген уақытта процессті тоқтата аласыз.



# Азық-түлікті дайындау және өңдеу жөніндегі нұсқаулар

\* 1-кесте

Азық-түлік	Дайындау	Кептіру ұзақтығы, сағат
Өрік	Сүйегін алып тастап, жұқалап турау керек	13 – 28
Ананас (жаңа піскен)	Тазалау, доңгелектіп немесе текшелеп турау керек	6 – 36
Банан	Қабығын тазалау, қалыңдығы 3-5 мм шеңберлерге турау керек	8 - 38
Шие	Тұтас кептіруге болады, сүйегін алып тастау міндетті емес. Сүйегін алып тастап, екіге бөлу кептіруді әлдеқанша қысқартады	8 - 36
Алмұрт	Қабығын тазалау, өзегін алып тастау, қалыңдығы 5 – 8 мм кесектерге турау керек	8 – 30
Мүкжидек	Тұтас кептіру	6 - 26
Шабдалы	Қалыңдығы 6 – 10 мм кесектерге немесе бөліктерге турау, сүйегін алып тастау керек	10 – 34
Алма	Қабығын тазалау, өзегін алып тастау, қалыңдығы 0,6см шеңберлерге турау керек	4 – 15
Баялды	Қалыңдығы 8-10 мм шеңберлерге турау	6 – 18
Сәбіз	Жұмсарғанша пісіру. Доңғалатып турау немесе үккіште үгу	8 – 14
Болгар бұрышы	Өзекті алып шығу, тілімшелеп немесе доңғалатып турау керек	4 – 14
Саңырауқұлақтар	Жұқалап турау, ұсақ саңырауқұлақтарды тұтас кептіруге болады	6 - 14

## Ұсынылатын температуралық режимдер:

- Шөптер: 40°C-ге дейін
- Көкөністер: 40-45°C
- Жемістер: 55-60°C
- Балық, ет 60-70°C

\* Көкөністер мен жемістердің алдын ала өңдеудің осы кестеде сипатталған уақыты мен тәсілдері таныстыру сипатты болады. Азық-түлікті дайындаған және өңдеген кезде Сіз өзіңіздің жеке ұнатымыңызды ескере аласыз.

# ПАСТИЛАНЫ ДАЙЫНДАУ





## Алма мен бананнан жасалған тосап

### ИНГРЕДИЕНТТЕР:

- алма – 300 грамм (2-3 дана);
- банан – 1 дана;

### ЖҰМЫС ТӘРТІБІ:

- Жемістерді дайындаңыз: банан қабығын аршыңыз, алманы кішкентай тілімдеп тураңыз.
- Жемістерді блендерге салыңыз және біркелкі массаға дейін ұсақтаңыз.
- Тосапқа арналған түпқойманы өсімдік майымен майлаңыз.
- Дайын езбені түпқоймаға жағылатын езбенің қабаты 0,4 - 0,5 см болатындай етіп үлестіріңіз.
- Тосапты 40 - 45 градус температурада 8 - 9 сағат кептіру ұсынылады
- Кептірілген тосапты абайлап алыңыз және шиыршықтап ораңыз.
- Тосапты доңғалатып немесе тілімшелеп туралған түрде беріңіз, сәндік үшін үстінен қант ұнтағын себіңіз. Жай осылай да жеуге болады – кесектеп жұлып алып.



## КЕҢЕСТЕР



- Әртүрлі дәмдік қасиеттері бар азық-түлікті, мысалы, сарымсақ пен жемістерді, татымды шөптер мен цитрустыларды, жидектр мен саңырауқыұлақтарды бір мезгілде (бір тиеумен) кептіруге жол бермеңіз, өйткені кебетін азық-түлік өзінің иісін белесенді шығарып, айналадағы иістерді сіңіріп алады. Дәл осы себептен аспапты ерекше иістері бар үй-жайларда пайдалануға болмайды.
- Кептірген кезде азық-түлікті әр сағат сайын тексеру ұсынылады. Кептіру жылдамдығы азық-түліктің өлшеміне, ылғалдығы мен алдын ала өңделуіне, сонымен қатар себеттердің тиелу тығыздығына және азық-түлікке толтырылған себеттердің санына байланысты.
- Бір азық-түліктің кебу уақыты аспапты пайдалану жағдайларына (үй-жайдағы температура мен ылғалдылық) байланысты өзгеріп тұруы мүмкін. Кептіргішті жақсы желдетілуі бар шаңдалмаған, жылы үй-жайларда пайдаланыңыз. Кептіру барысында үй-жайдағы ауаның жақсы айналуы маңызды.
- Кептірген кезде көкөністер қоңырланбауы үшін оларға лимон шырынын шашыратыңыз.
- Ет және балық өнімдерін кептірер алдында өнеркәсіптік немесе өз бетінше дайындаған маринадтарда маринадтау ұсынылады. 60 градустан аспайтын температурада кептіру керек, өйткені мал нәруызы жоғарырақ температурада ұйып қалады.
- Көк бұршық, гүлді қырыққабат, брокколи, қасқыржем сияқты көкөністерді алдын ала шарпылау (3-5 минут ішінде ыстық бүмен, қайнаған сүмен немесе маймен өңдеу) ұсынылады. Егер Сіз көкөністерге қышқыл дәм бергіңіз келсе, оларды 2 минутқа лимон шырынына салып қойыңыз.
- Әртүрлі деңгейлерде, сондай-ақ есік пен артқы қабырға жақта кептірудің жылдамдығы бірдей емес, сондықтан әр 2 сағат сайын кебүін тексеріңіз және, біркелкі өңделуі үшін, түпқоймаларды 180 градусқа бұрып отырып, орындарын ауыстырыңыз.
- Кептіру процесін тоқтату қажет болғанда, мысалы, түнге қалдырмай, кепттірілмеген азық-түлікті дегидртаор ішінде ешқашан қалдырмаңыз, түпқоймаларды алып шығыңыз және оларды табиғи кебу үшін орналастырыңыз.
- Кептірілген азық-түлікті құрғақ, салқын, қараңғыланған жерде сақтаңыз. Сақтаудың оңтайлы температурасы 15°C және төмен болады.
- Кептірілген азық-түліктің сақталуының максималды мерзімі олар мұздатылған жағдайда - 1 жыл.
- Кептірілген азық-түлікті металл ыдыстарда сақтамңыз.
- Сақтауға арналған пакеттер меен контейнерлерді саңылаусыз жабу керек.

1

Азық-түліктердің әртүрлі типтерін, мысы, сарымсақ, пияз бен жемістерді, бірге кептірмеңіз!

2

Азық-түліктердің әртүрлі типтерін, мысы, сарымсақ, пияз бен жемістерді, бірге кептірмеңіз!

3

Жемістер тотығып қалмауы үшін оларға лимон шырынын себіңіз. Кептірілген өнімдерді герметикада сақтаңыз



4

Шарпылаңыз

Көкөністерді (көк бұршақ, гүлді қырыққабат, брокколи, қасқыржем) кептірер алдында шарпылау керек

## 6. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

1. Аспапты желіден ажыратыңыз және оған толығымен сууға мүмкіндік беріңіз.
2. Азық-түлікке арналған алмалы себеттерді жылы суда бейтарап жуғыш құралды пайдаланып жуыңыз. Түпқоймалар бетінен қатып қалған азық-түлік пен шырындарды кетіру үшін жылы сабынды суға алдын ала салып қою ұсынылады.
3. Аспап корпусын суға батырмаңыз, оны ылғал матамен сүртіп алыңыз.
4. Табанды ылғал матамен абайлап сүртіп алыңыз. Азық-түлік пен шырындардың қалдықтарын табаннан жылы сабынды суға шыланған матамен кетіруге болады.
5. Аспыпты жуғаннан және тазалағаннан кейін мұқият құрғату керек.
6. Жегі және қажак жуғыш құралдарды, сонымен қатар органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
7. **Аспаптың алмалы бөліктерін ыдыс жуатын машинада жууға болады.**
8. Аспапты құрғақ салқын, балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз.



## 7. САҚТАУ

- Аспапты сақтауға қояр алдында құрылғыға ылғи тазарту жүргізіңіз.
- Қуат баусымын орап қойыңыз.
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.
- Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## 8. ТАСЫМАЛДАУ

- Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

## 9. ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

## 10. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, соның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті түрде жинауға жатады.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Сіздің аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.





# 11. ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

- Аспапты бояулардың, еріткіштердің және т. б. айрықша иістері бар үй-жайларда, сондай-ақ ауасында газдар мен булардың жарылысқа қауіпті концентрациялары бар үй-жайларда пайдалануға болмайды.
- Аспап тек қана тамақ өнімдерін кептіруге арналған.
- Алмалы себеттердің соққыға ұшырауына және құлауына жол бермеңіз, өйткені олар сынғыш материалдан жасалған және механикалық зақымданулар алуы мүмкін.
- Азық-түлікті кептіру үшін желдеткіші бар табанға тікелей салмаңыз.
- Аспапты тек қана тегіс таза құрғақ бетке жеңіл тұтанатын және жанатын заттардан алыстатып орнатыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты жұмсақ беттерге (кілем, сүлгі, сулық) қоймаңыз. Жұмыс барысында аспаптың астында ауаның айналуына қажетті көзге көрінетін саңылау болуы керек.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты матамен немесе басқа зеттармен бүркемеңіз.
- Азық-түліктің кебуін, жылудың сыртқы көздерін (фен, плиталар, жылытқыштар) пайдалана отырып, жылдамдатуға болмайды, бұл аспаптың және оның алмалы бөліктерінің істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Толық кеппеген азық-түлікті аспаптың ішінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз, өйткені олар бүлініп кетуі мүмкін.
- Аспапты 48 сағаттан астам жұмыс істеуіне қалдырмаңыз. 48 сағат бойы үзіліссіз жұмыс аяқталғаннан кейін, ҚОС/СӨНД батырмасына басып, аспапты сөндіріңіз, оны желіден ажыратыңыз және кем дегенде 2 сағат бойы сууға мүмкіндік беріңіз.



## Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



## 12. ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспаптың пайдаланылуы «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі керек.
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты пайдалануды бастар алдында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықты мұқият және толығымен оқып шығыңыз.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар ыстықтың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз! Егер Сіз аспапты пайдаланбайтын болсаңыз, оны ылғи сөндіріп қойыңыз.
- Аспапты зауыттық қаптамада балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



**Назар аударыңыз!** Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Құрал суға түскен жағдайда оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құралды желіге қосу алдында ол өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құралды үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Құралды өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Құралды желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.

## 13. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Электр желісіне қосқанда аспап жұмыс істемейді	Розетка ақаулы	Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз
	Қуат беру баусымы зақымдалған	Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады

**Назар аударыңыз!** Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторизацияланған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

## 14. ЖИЫНТЫҚТАМА

- |  |         |
|--|---------|
| 1. Аспап                                   | 1 дана  |
| 2. Пластик тұғырлар                        | 4 дана  |
| 3. Пастила дайындауға арналған түпқойма    | 1 дана. |
| 4. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық           | 1 дана  |
| 5. Кепілдік талоны                         | 1 дана  |
| 6. Қаптама (полиэтиленді пакет + қорапша). | 1 дана  |

## 15. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PFD 1206V** - POLARIS сауда маркасының көкөністер мен жемістерге арналған электрлік тұрмыстық кептіргіші

Кернеу: 220-240 В

Жиілігі: ~50-60 Гц

Қуаты: 550 Вт

Кептіру температурасы: 40°C-ден 70°C дейін

Қорғау класы: II

**Ескерту:** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.


Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы нұсқасын Сіз [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтынан таба аласыз.



## 16. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», сонымен қатар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



**Бұйымның қызмет ету мерзімі:**

**3 жыл**

**Кепілдік мерзімі:**

**сатып алынған күннен бастап 1 жыл**

Дайындалған күні бұйымның өзіндегі паспорттық сәйкестендіргіш тақтайшада көрсетілген.

Бұйым құрамына табиғи тозуға бейім және/немесе қызмет етудің шектеулі мерзімі бар құрамдас бөлшектер кіреді.

Бұл құрамдас бөлшектерге Дайындаушы пайдалану ережелері сақталған жағдайда шектеулі кепілдік белгілейді. Бұл бұйымда осындайлар болып табылады:

- Пластик тұғырлар, пастила дайындауға арналған тұғырлар, жабынға кепілдік мерзімі - сатып алған күннен бастап 6 ай.

**Өндіруші:**

NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED- НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидео, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

**Импорттаушы/ Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі :** "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-ғимарат 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8 800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

**Зауытта:**

ГУАНДУН КАНЙЕ ЭЛЕКТРИК АППЛАЙАНСЕ КО., ЛТД

No.21, Өнеркәсіптік аймақ, Цзяньгун, Лелью қаласы, Шунде округі, Фошан префектурасы, Гуандун провинциясы, Қытай

At factory:

GUANGDONG KANGYE ELECTRIC APPLIANCE CO., LTD

No.21, Jiangcun industrial Zone, Leliu town, Shunde district, Foshan city, Guangdong province, China

Қытайда жасап шығарылған

# 17. КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Көкөністер мен жемістерге арналған кептіргіш

**Моделі:** PFD 1206V

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 12 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым тек жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін сатып алынады. Бұйым қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау арқылы Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте пайдаланылуы қажет.
3. Осы кепілдік бойынша өндірушінің міндеттемелерін сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсету (сервистік) орталықтары орындайды. Осы кепілдік өндірушімен уәкілетті етілмеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар Ресей заңнамасына сәйкес тұтынушы алдында өздігінен жауап береді.
4. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін келесі туындаған ақаулар мен сыртқы өзгерістерге қолданылмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері;
  - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - Өңдеу бөлшектерінің, қондырмалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қоқыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуы;
  - Авторизацияланған сервис орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
  - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.

5. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
6. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз. POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru).

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар болып POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.**

